

ИНКЛЮЗИВТІ ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫНДА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚОЛДАУ АРҚЫЛЫ БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН АРТТЫРУ

М.П. Оспанбаева

Білім беру саласында Қазақстан Республикасы ұстанған қазіргі әлеуметтік саясаттың басым бағыттарының бірі – балалардың жеке сұраныстары мен ерекшеліктеріне ортаның, отбасының қатысуы арқылы білім беру үрдісіне толық қосуды қарастыратын инклюзивті білім беру. Жаһандану үрдісінің басты ерекшелігі ретінде қоғамдық өмірде жүріп жатқан жаппай интеграция – инклюзивті оқытудың маңызды бөлігі. Оның кең мағынадағы мәні:

1) барлық балаларды (оның ішінде мүмкіндігі шектеулі балаларды да) жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, жалпы білім беру үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеу;

2) балаларды бір-бірінен айыратын кедергілерді барынша жою үшін тұтас қоғам боп атсалысу және осы жолда ата-аналардың белсенділігіне сүйену;

3) баланы түрлі (дене және психоэмоциялық, әлеуметтік) мұқтаждықтарына қарай дамыту-түзету және арнайы қолдау, яғни жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат.

Инклюзивті оқыту ұғымы анықтамасына берілген осы негізгі үш өлшемнің қазіргі Қазақстан жағдайында қалай жүзеге асырылып жатқандығына жеке тоқталайық. Бірінші сипаттама бойынша балаларға тең құқықты қатынас ұғымы мүмкіндігі шектеулі балаларды қалыпты ортада оқыту мәселесін көтеру және осы міндетті барынша икемді шешу арқылы жүргізілуде. Арнайы мамандардың шетелдік әріптестермен (Германия, Израиль, Ресей) тәжірибе алмасу барысында меңгерген іскерліктері кәсіби біліктілік ретінде анықталып, осы саладағы технологиялық инновациялар өндіріске ендірілуде. Алғашында екіұдай күйде қабылданған бұл мәселеге қазіргі кезде қоғамдық көзқарас мейлінше өзгеріп, жаппай әлеуметтік қолдауға ие болды. Адамгершілік пен жанашырлықтың шыңы боп табылатын осындай ізгі қатынас мемлекет тарапынан ресми құжаттар арқылы заңдастырылды [1].

Дегенмен, елімізде мәселеге қатысты біржақтылық әлі де сақталуда. Оның негізгі себебі инклюзивті оқыту ұғымының методологиялық негізі мен астарын, шынайы себептері мен түпкі идеясын толық сезінбеуде жатыр. Ал біржақтылық көрінісі балаларды қабілетіне, жынысына және жағдайына қарай ерекшелеп оқыту жағдайлары арқылы анықталуда. Оған мысал ретінде ерекше дарынды балаларға арналған «Дарын» мектеп-интернаттары, зияткерлік мүмкіндіктері жоғары балаларды оқытатын «Назарбаев зияткерлік мектебі», ер балалар мен қыз балаларды саралап оқытатын Қазақ-түрік лицейлері, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институты, көптеген ақылы білім беру (материалдық жағдай) орталықтарын атауға болады. Оқытудың мұндай ерекшеліктері баланың тұлғалық қалыптасу үрдісіне айтарлықтай әсер етеді

әрі қоғамда таптық жіктің тереңдеуіне ықпал етеді. Бастысы – этикалық сипат болып табылатын мұндай мәселе тәрбиеленушілерде қоғамдық өмірдің шынайы жағдайынан тысқарылықты қалыптастырады. Заманауи білім беру парадигмасы оқытудың негізгі міндеті ретінде балаларды нақты өмір жағдайына бейімдеуді анықтайды; бұл – жаһандық өмір талабы. Оқшаулаудың кез-келген түрі тұлғаның әлеуметтену үрдісіне зардабын тигізеді. Міне, осындай жайттар инклюзивті оқыту үрдісін толыққанды жүзеге асыруға тежеу салып отырған қоғамдық тетіктердің бір парасы болып табылады.

Инклюзивті оқыту ұғымына жоғарыда берілген анықтаманың екінші сипаты балаларды бір-бірінен айыратын кедергілерді барынша жою үшін тұтас қоғам боп атсалысуды және осы жолда ата-аналардың белсенділігіне сүйенуді анықтайды. Бұл міндетті жүзеге асыру үшін халықтың жоғары саналылығы мен жаппай жанашырлығын дамыту қажет. Жуырда жарияланған Елбасының «Болашаққа бағдар – рухани жаңғыру» мақаласының өзегі осы мәселеге қозғау салатын, стратегиялық маңызды қадам [2].

Білім беру саласындағы инновациялар мен реформалардың, атап айтсақ: білім беру ұйымын басқару тетігіне енгізіліп жатқан өзгерістер (қоғамдық бақылау кеңестері), сапаны арттыру мақсатында бақылау және бағалау үдерістеріне ендірілген жаңашыл бастамалар (ата-аналар өкілеттігі және жұртшылық пікірі), білім беру стандарттарының жаңартылуы, интегративті оқыту, академиялық пәндердің мазмұндарының жаңартылулары, көптілділік саясаты, академиялық еркіндік және академиялық ұтқырлық қағидалары – қоғамдық сананы ояту бағытында мемлекет тарапынан атқарылып жатқан маңызды қадамдар. Осы жерде Н.Назарбаевтың мына пікірі орынды: «Халықтың санасын бір сәтте ояту мемлекеттің қолынан келмейді...» [3].

Инклюзивті оқытуға қатысты жалпы үдеріске қоғамның әрбір мүшесі өзінің белсенді азаматтық үлесін қосуы нәтижесінде, жоғарыда аталған кедергілер мен қиындықтардан біртіндеп арылуға болады.

«Баланы түрлі мұқтаждықтарына қарай дамыту-түзету және арнайы қолдау» деп аталатын инклюзивті оқыту анықтамасының үшінші сипатын жүзеге асыруда жалпы білім беру сапасын (мемлекеттік стандартқа негізделу) сақтай отырып, тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат оңтайлы жүргізілуде. Дегенмен, көпшілік ретте «арнайы қолдау» ұғымы мүмкіндігі шектеулі балаларды қалыпты ортаға интеграциялау үрдісінде қолданылатын мамандандырылған (медициналық, педагогикалық, психологиялық) сүйемелдеу ретінде қабылдануда.

«Психологиялық сүйемелдеу» түсінігін көптеген зерттеушілер білім алушылардың өзекті мәселелерін шешу мүмкіндігін қамтамасыз ететін шарттарды құруға бағытталған психологтың ұйымдастырылған іс-әрекеті ретінде анықтайды. Психологиялық сүйемелдеу бір мезгілдік шара емес [4]. Бұл – психологиялық қызмет көрсету барысында жүйелі түрде ұйымдастырылатын және тұрақты орындалатын жұмыс. Психологиялық сүйемелдеудің ең басты қағидаларының бірі тұлғаға уақытында көмек

көрсетіп, қолдау ғана емес, осы үдерістің қиыншылықтарын өздігінен жеңіп шығуға, тұлғалық қалыптасуына жауапкершілікпен қарауға үйрету, әлеуметтік өмірде толыққанды субъект болып қалыптасуына ықпал ету. Психологиялық сүйемелдеу, әсіресе, инклюзивті оқыту жағдайында ерекше маңызға ие: сынып ұжымындағы әр түрлі категориядағы балалардың даралық ерекшеліктерін ескере отырып, оларға жеке қатынас жасау, даму мүмкіндіктерін болжау және ұжымдағы өзара қарым-қатынас тиімділігіне ұмтылу. Осының барлығы білім беру ұйымының қалыптасқан психологиялық қызмет жүйесін қайта қарауды талап етеді. Штаттық кестеге өзгеріс енгізу (ұлғайту), психолог жүктемесін жеңілдету, психологиялық құралдарды түрлендіру, т.б.

Инклюзивті оқытуды ерекше мұқтаждықтары бар балаларды жалпы білім беретін мектептерде оқыту үрдісі деп түсініп, ата-аналар тарапынан туындаған наразылықтар мен түсінбеушіліктерді жоюмен күресу жағдайлары қазір артта қалды. Үзбей жүргізілген насихат жұмыстарының нәтижесінде қазақстандық қоғам адамсүйгіштік, жанашырлық қасиеттерін басқа қырынан меңгерді. Ендігі кезекте халықтың санасын балаларды жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарай айыратын кедергілерді жоюға бағытталған оқыту ерекшелігіне бұру қажет. Ол үшін инклюзивті оқыту ұғымының түпкі мәні мен шынайы табиғаты жаппай әрі барынша терең, жан-жақты түсіндірілуі тиіс.

Педагогикалық қауымдастықтың арасында туындаған инклюзивті білім беру үрдісінің толыққанды іске асырылуы оқу сапасын ақсатуы мүмкін деген алаңдау құптарлық. Ол үшін саралап оқыту тиімділігін арттыру тетіктерін қарастыру қажет. Оның бірден бір жолы – инклюзивті білім беру үрдісінде психологиялық сүйемелдеу рөлін арттыру. Бұл – білім беру сапасының жақсаруына жетелейтін маңызды фактор. Білім беру сапасы мемлекеттік саясаттың негізгі басымдықтарының қатарына жатады. ҚР «Білім туралы» Заңында білім беру сапасын бақылау білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйесін құру жолымен қамтамасыз етілетіні анықталған [5].

Бүгінгі таңда білім беру ұйымы іс-әрекетінің сапасын бағалау үшін ҚР БжҒМ №124 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымын бағалау критерийлері» (02.02.2016ж.) басшылыққа алынады. Аттестация форматында ұйымдастырылатын мемлекеттік бақылауға жаңаша қатынастың негізгі сипаты – ресурстардың (білім алушылар) ерекшеліктеріне қарай, әлеуметтік әсерді және нәтижелерді жақсарту жолдарын анықтауға, сүйемелдеуге (қолдауға) бағытталғандығында. Білім беру ұйымының іс-әрекетін сандық және сапалық бағалау негізі ретіндегі мониторинг бағалаудың алты бағыты арқылы жүзеге асырылады: басқару сапасы, сабақ беру сапасы, оқушылардың нәтижелерінің сапасы, ресурстардың сапасы, ата-аналар мен жергілікті қауымдастықтармен өзара әрекет сапасы, оқушыларды қолдау және қамқорлық сапасы. Бағалау тетігінің жаңа жүйесінің маңызды ерекшелігі – инклюзивті оқыту жағдайында білім беру субъектілерін психологиялық қолдау және сүйемелдеу үйлесімділігіне негізделуі; сондай-ақ, оқу-тәрбие үрдісіндегі аса маңызды қағида – өзіндік бақылау рөлін арттыруға бағытталуы. Мұндай

қатынас үстірт шешімдерден (тұжырым) арыла отырып, ресурс, нәтиже және үрдісті ұйымдастыруды кешенді түрде бақылау мүмкіндігіне ие болады.

Сапаны бағалау – білім беру сапасын басқару жүйесіндегі бірінші және негізгі кезең. Сапаны бағалау үрдісінде педагогикалық квалиметрия әдістеріне негізделген оқыту сапасын бағалау әдістемесі тиімді болып табылады әрі өзінің мақсатына толық сәйкес келеді. Педагогикалық квалиметрия – негізгі мазмұны өлшеу және педагогикалық параметрлардың сипаттамалары мен бағалары болып табылатын зерттеулердің бағыты. Оны инклюзивті білім беру жағдайында қолдану кезінде оқушылардың сипаттамалары ретінде олардың меңгерген білімдері мен іскерліктері белгіленеді. Өлшеу бірлігінің рөлін тестік тапсырмалар атқарады, бағалау нысаны оқушылардың өздері, ал өлшеу нәтижесі – тест тапсырған оқушылардың баллдарының шкаласы, яғни тест нәтижесі. Педагогикалық өлшеудің заманауи тәсілдерінің қатарына тестілеумен бірге бақылау, білімді тексерудің ауызша формалары, жазбаша формалары, интервью түріндегі сұхбаттар да жатады [6].

Тәжірибе көрсеткеніндей, инклюзивті білім беру жағдайында оқушыларды психологиялық қолдау келесі жайттарға ықпал етеді: оқу-тәрбие **үрдісін түзету үшін өлшеу және сапа көрсеткіштерін талдау арқылы сапаны бақылауға; сапаны жақсартуды қамтамасыз етуге.** *Білім беру сапасын бағалауға жаңаша қатынастың негізгі идеясы:* бағалаудың түйінді салаларын анықтау негізінде ортақ құралдарды қалыптастыру, сапа критерийлері, нысан жағдайы туралы сандық және сапалық сипаттамаларды алу үшін деңгейлік шкаланы енгізу; бірдей (ортақ) қатынасты қолдану негізінде өзіндік бағалауды және сыртқы бағалауды жүргізу; сапаны бағалаудан сапаға жету қозғалысын қамтамасыз ету.

Инклюзивті білім беру жағдайында оқу тиімділігіне қол жеткізу «әлсіз» оқушыларға, яғни білім мекемесіне сыртқы, мектептен тыс әлемнен өзімен бірге жағымды алғышарттар (әлеуметтік жағдай, қабылет) әкелмеуі себепті, жоғары нәтиже көрсете алмайтын балаларға білім беру ұйымының қалай және қаншалықты ықпал етуін анықтауға басымдық берілуімен анықталады. Бұл көптеген «түйінді факторлар» арқылы ажыратылады. Оның таңдаулы белгілері: жағымды оқу мәдениеті; жақсы үміт (жоғары ұмтылыс); оқушылардың оқу нәтижесін қадағалау; жеке жетістіктерді үнемі қолдау; оқу мен үйретуді үнемі жақсартуға қызығушылық; оқушылардың ынталылығы және белсенді қатынасы; өзгерістерді қолдау және оны әкімшілік тарапынан бақылау; түрлі әдістемелерді мақсатты түрде іріктеу және қолдану; отбасы мен мектеп арасындағы ынтымақтастық. Инклюзивті оқыту жағдайында білім беру ұйымының негізгі әрі аса маңызды міндеттері мұғалімдердің сабақ беруі, оқушылардың оқуы және әлеуметтік-психологиялық қолдау болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1) Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2010.

- 2) Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар – рухани жаңғыру» // «Егемен Қазақстан» жалпыұлттық қоғамдық-саяси газеті. – Астана, 22.04.2017.
- 3) Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан – 2050» стратегиясы. – Астана, 2015.
- 4) Битянова, М. Модели деятельности психолога в образовательном учреждении / М: Битянова, Т. Беглова (Электронный ресурс] // Школьный психолог, 2010. № 2. – Режим доступа: http://psy.lseptember.ru/view__aarticle.phpID~201000213..
- 5) Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Астана, 2007.
- 6) Рекомендации для инспекторов и экспертов, проводящих пилотные инспекции с применением критериев и дескрипторов для оценки качества. – Астана, 2014.

**ИНКЛЮЗИВТІ ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫНДА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚОЛДАУ
АРҚЫЛЫ БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН АРТТЫРУ
Оспанбаева М.П.**

Аннотация. Мақалада қазіргі Қазақстан жағдайында инклюзивті білім берудің заманауи міндеттері талданады және оқушыларды психологиялық қолдау арқылы білім беру сапасын арттыру тиімділігі сипатталады.

Abstract. The article examines the actual tasks of inclusive education in the light of social modernization of Kazakhstan society. The effectiveness of psychological support for improving the quality of training is grounded.

Түйін сөздер: инклюзивті оқыту, психологиялық сүйемелдеу, білім беру сапасы, интеграция, оқу тиімділігі, сапа көрсеткіштері.

Оспанбаева Махаббат Пернебайқызы – «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы, Жамбыл облысы бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының доценті, пс.ғ.к., Тараз қ. Omachabbat@mail.ru